



ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Готфрид В. Лейбниц (1646–1716)

2-тарау. Жаңа дәуір философиясы.
Ағартушылық философия



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 8. Готфрид В. Лейбниц (1646–1716)

Адам ақыл-ойы жөніндегі жаңа тәжірибелер (1704–1765)

«Адам ақыл-ойы жөніндегі жаңа тәжірибелер» (1704–1765) шығармасында белгіленген осы жылдар көрсеткіші Лейбництің кітабының жазылған және тұңғыш рет жарияланған уақытына сәйкес келеді. Соңғы дата автордың кітабының оның көзі тірісінде жарыққа шықпағанын көрсетеді. Иә, шындығында, «Адам ақыл-ойы жөніндегі жаңа тәжірибелер» Локктың 1690 жылы жарық көрген «Адам ақыл-ойы жөніндегі тәжірибелер» кітабына сыни жауап ретінде ойластырылған болатын. Готфрид Вильгельм Лейбниц ағылшын тілінде жетік сөйлей алмағанымен, сол тілде жақсы оқи алатын. Сондықтан да 1695 жылы Локктың шығармасын түпнұсқада оқып, оған қысқаша ескертпелер жазады. Философ өзінің жазбаларын сол кезде даңқы асқақтап тұрған Джон Локкқа тапсырады деген үмітпен Солсбери епископы Томас Бернетке жібереді. Лейбниц Локкпен хат жазысуды жолға қойғысы келді. Ол хат жазысқанды өте жақсы көрді. Ойды нақты жеткізуге мүмкіндік беретіндіктен, оған хат жазу процесінің өзі ұнайтын.

Философ өмірден өткеннен кейін оның 600-ден астам адамға 20 мыңға жуық хат жазғаны анықталды. Лейбництің мұрасы оның хаттарымен ғана шектелмейді. Оның артында құқық философиясы, логика, математика, лингвистика, комбинаторика, метафизика, теология, діни пікірталастар, тарих, физика, биология, алхимия сияқты адам білімі мен тәжірибесінің сан қилы мәселелеріне арналған көптеген кітаптар мен кітапшалар қалды.

1697 жылы Лейбниц өз жазбаларын Локктың қолына тапсыруды Бернеттен тағы да өтінеді. Бірақ ағылшын философы айтысудан бас тартады. Мэтрдің Лейбницпен пікір таластыруға ешқандай құлқы болмайды. Ол Бернетке: «Біз германиялық мырзалармен толық тыныштықта, тату көрші болып өмір сүрудеміз, өйткені олар біздің кітаптарымызды білмейді. Біз де олардың шығармаларын оқымаймыз», – деп жазады. Локктың бұл сылтауы оның Лейбниц туралы мүлдем жаңсақ пікірде болғанын анық көрсетеді. 1697 жылдың 10 сәуірінде Локк досы Молиноға былай деп жазады:

«Лейбниц мырзаның атышулы есімінен үміт күткенімді мойындаймын. Алайда оның шығармасы мен ойлаған межеден шықпады. Ол сілтеме жасайтын «Acta eruditorum» журналында жарық көрген шығармасы (1684 жылы жарияланған «Пайымдау» туралы сөз болып отыр) жөнінде де соны айтуға болады. Мен оны оқып шықтым. Көріп отырғанымдай, сіз екеуміздің пікіріміз бір жерден шығады. Одан мен бір ғана ой түйдім. Тіпті ұлы адамдардың өзі бұған бар күш-жігерін салмай, кейбір мәселелерді игеруі қиын, асқан ойшылдардың өзі осылардың барлығын сіңіруге шамасы жетпейді».

Лейбниц Локктың бұл пікірі жайында білмейді. Ол ағылшын философының еңбектерін зерттеуін жалғастыра береді. Бірақ 1700 жылдан бастап жұмысы жылдам жүре бастайды. Осы жылы Амстердамда Локктың кітабы Пьер Косттың тәржімалауымен француз тілінде жарық көреді. Француз тілін жетік меңгерген Лейбниц ойшылдың еңбектерінің мәнін тереңірек ұғынуға мүмкіндік алады. Хат алысу туралы ұсынысына Локк жауап бермегендіктен, Лейбниц өзінің сыни ескертпелерін кітапқа енгізуді ұйғарады. Ойын барынша кең аудиторияға жеткізу үшін француз тілінде жазады. Локктың трактатының француз тіліндегі аудармасын да оқығандықтан, бұл тіпті оңайға түседі. Істі жеделдету үшін Лейбниц кітабын екі шартты кейіпкер – Локктың атынан сөйлейтін Филалет пен оның өз ойларын айтатын Теофил арасындағы сұхбат түрінде жазады. Кітаптың мұндай жүйесі философқа оның жоспары туралы аса көп бас қатырмай, өз шығармасымен жылдам жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Лейбниц өзінің ойларына түрткі болған Локктың мәтініне сүйеніп, ілесіп отырады. Осы әдістің арқасында ғалым шұғыл шаруалары шығып қалып, ұзақ уақытқа шығармасынан қол үзсе де, тоқтаған жерінен ары қарай жалғастыра алды. Сол уақытта Лейбництің онсыз да машақаты басынан асатын еді. Уәзір, тарихшы, саяси кеңесші болған Лейбниц «Жаңа тәжірибелермен» тек бос уақытта ғана жұмыс істеді. «Мен бұл жазбамды қолым бос уақытта, сапарда жүргенде, яки Херрейхаузенде болғанда, көп ізденуді талап ететін зерттеулермен айналысуға мүмкіндік болмаған кездері жаздым», – деп еске алады ол кейін. Уақыт тапшылығына қарамастан, ісі тез алға басып, 1703 жылдың жазы мен 1704 жылдың басына дейінгі аралықта кітабын толық жазып шығады. Лейбниц еңбегіне кейінірек бірсыпыра түзетулер енгізгенімен, 1704 жылы толық аяқтап үлгереді. Автор шығармасын жариялауға дайындай бастайды. Осы мақсатта



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 8. Готфрид В. Лейбниц (1646–1716)

Нант эдиктінің күші жойылған соң Германияға бас сауғалап келген француз эмигранттарына қолжазбасын оқуға береді. Әйтсе де 1704 жылы 28 қазанда Локк қайтыс болады. Ағылшын философымен сонша ұзақ күткен сұхбат оған бұйырмапты. Лейбниц кітабын бастыру туралы ойынан бас тартады. Оның қажеттілігі де болмай қалды:

«Локк мырзаның өмірден өтуі оның шығармаларына ескертпелерімді жариялаудан бас тартуға мәжбүр етті. Мен енді өзімнің толғауларымды бөгде ойлармен байланыстырмай жариялауды дұрыс көремін». Әйтсе де кітап етіп шығару туралы алғашқы ойынан бас тартқанына қарамастан, философ уақыт өткен сайын шығармасына өзгерістер енгізіп отырады. Кітап философ өмірден өткен соң, ұзақ уақыттан кейін ғана жарық көрді. Лейбництің шығармасын ұсынар алдында, Локктың қарама-қарсы жазылған еңбегінің мазмұнын еске түсіргеніміз дұрыс болады.

Локктың трактаты

«Адам ақыл-ойы жөніндегі тәжірибелер» трактатында танымның мүмкіндіктерін сыни тұрғыдан қарастыру мақсаты көзделген. Кітап екі мәселенің қиылысқан тұсынан қисын іздейді. Бір жағынан – Локк адам бойында білімнің қалыптасуының психологиялық процесін қарастырады, ал екінші жағынан – шындықтың рационалдығы туралы мәселенің соңына түседі.

Осы екі мәселе бір арнаға біріктірілген: эмпирикалық таным теориясы тұрғысынан алғанда қоршаған ортадағы заттар туралы біздің біліміміздің объективті құндылығы қандай? Локк туа бітті идеялар теориясының жақтастары ұсынған шешімді теріске шығарады. Өйткені ол, шын мәнінде, сұрақты мақұлдаған жауапқа айналдырумен ғана шектеледі. Оның пікірінше, идеялардың бір-біріне сәйкес келу-келмеуі оларды салыстырғанда бірден көрінеді. Сондықтан қарама-қайшылықтың туа бітті идеяларының бар екені туралы болжамдарға жүгінудің ешқандай қажеттілігі жоқ. Сонан соң Локк қарапайым идеялардың күрделі идеяға өсу теориясын ұсынады. Қарапайым идеялар – ойлауға арналған бастапқы материал ғана. Оларды қайнар көздері бойынша, түйсіктер мен ақыл-ойдың өзінен-өзі табатын рефлексия идеясы деп ажыратуға болады. Дегенмен бір мезетте түйсікке де, рефлексияға да сүйенетін қарапайым идеялар кездеседі. Олар – қанағат, қайғы, құдіреттілік, тіршілік ету. Локк шындыққа қатынасы тұрғысынан танымның бірнеше типін анықтап көрсетеді. Қарапайым идеяларды қабылдағанда жан енжар күйде болады. Керісінше, ол қарапайым идеялардың күрделі идеяларға ұласу процесіне белсенді түрде қатысады. Бұл процесс біріктіру, салыстыру, абстракциялау формаларында болады. Басқаша айтқанда, ақыл-ойдың қызметі – қарапайым идеяларды біріктіру мен ажыратудан тұрады.

Күрделі идеялардың үш формасы бар: Субстанция идеясы – өздігінен өмір сүретін заттар: қорғасын идеясы, адам идеясы, модус идеясы – олар ұсынған заттар өздігінен өмір сүрмейді: мысалы, үшбұрыш идеясы, өлтіру идеясы және екі анық идеяны салыстырудан тұратын қатынас идеясы. Олай болса, таным екі идеяның сәйкес келу-келмеуін талдаудан тұрады...

Осы негізінде Локк адам ақыл-ойының шекараларын айқындап, оның нені танып, ұғына алатынын көрсетеді, яғни біз шексіздік, мәңгілік, Құдайдың ісі туралы дұрыс білімге ие болуға қабілетті еместігімізді; біз өз болмысымыздың мәнін рефлексиядағы ойдың айқындалуы негізінде түсіне алатынымызды; санамыз заттардың шынайы мәнін емес, олардың номиналды мәнін ғана танып, ұғына алатынын білеміз. Локк өзінің трактатында адамның танымын оның тарихымен, қалыптасу процесімен үйлестіре зерттейді. Танымның өзін ол тек тарих, этнография, лингвистика мен психология тұрғысынан қарастырады. Бірақ Локк осы мәселені физика тұрғысынан зерттемейді. Философ жанның табиғаты мен мәні, түйсік пен жанның өз-өзінен табатын идеялардың шынайы себептеріне қатысты мәселелерді қозғамайды... Лейбниц бұл мәселелерді өзге қырынан зерделейді. Бұған ойшылдың өзінің адами болмысы, алған білімі ықпал еткен.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 8. Готфрид В. Лейбниц (1646–1716)

Лейбництің тұлғасы

«Жаңа тәжірибелерді» қысқаша баяндаудан бұрын, алдымен, оның авторы туралы аз-кем сөз қозғайық.

Лейбниц 1646 жылы Лейпцигте өмірге келген. Бұл қала XVII ғасырда лютерандық теологияның орталығы болды. Университет профессоры болған әкесі 1652 жылы көз жұмады. Лейбниц он бес жасында Лейпциг университетіне оқуға түседі. 1663 жылы бакалавр дәрежесін алу үшін диссертациясын қорғайды. 1666 жылы бозбала құқықтанушы дипломын алып, Майнцтегі курфюрстке қызметке тұрады. 1672 жылы оны Парижге миссиямен жібереді. Тапсырманы орындағаннан кейін Лейбниц француз астанасының интеллектуалды өміріне сүңгіп кетеді. Жас азамат көптеген философ, ғалымдармен кездеседі. Паскальды оқиды. 1673 жылғы Лондонға сапарында химик Бойль және Ньютонның досы Коллинзбен танысады. Лейбниц дамыл көрмей, рухани ізденісте өмір сүреді. Көптеген ғылыми еңбек жазады. Бірқатар дүниелерді, 1673 жылы есеп машинасын, 1674–1675 жылдары – шексіз аз шамаларды есептеуді ойлап табады. Ғалымды Париж ғылым академиясына мүше етіп сайлайды. Ол ашық түрде Ньютонның іліміне қарсы шығады. 1676 жылы Лейбниц Лондонға қайта келеді, одан кейін Голландияға сапар шегеді. Осы сапарында Спинозамен танысады. Ғалым Ганноверге келіп, осында біржола тұрақтайды. Герцог Иоганн-Фридрих оны өзінің кітапханашысы, кейінірек кеңесшісі етіп тағайындайды. Сөйтіп, философ Еуропа елдеріне саяхатын тоқтатып, есесіне көптеген адамдармен хат жазысып тұрды. Ол картезиандықты сынайды. XIV Людовикке қарсы памфлет жазады. Ганновер әулетінің тарихнамасын құрастырады.

Ғалым «Метафизика туралы пайымдауын» жариялайды. Шамамен осы кезде оның философиялық теориясы да қалыптасып болады. Оларды бүтін дүниеге біріктіру үшін Лейбниц 1605 жылы енгізген, тек бір ғана «монада» ұғымы жетіспей тұрды. Сондықтан «Жаңа тәжірибелерді» жазған кезде Лейбниц кемеліне келген философқа айналды десе де болады. Ол Локктың ілімі туралы сәл кеш білді. 1660 жылдан 1680 жылға дейінгі жиырма жыл ішінде оқыған кітаптары оған өзіндік көзқарасының қалыптасуына бірде теріс, бірде оң ықпал етті. Осы кітаптардан айырмашылығы Локктың «Адам ақыл-ойы жөніндегі тәжірибелері» философ үшін нағыз жаңалық болды. Кітап Лейбництің өз идеяларын білдіруге мүмкіндік берген сырттай сұхбаттасуына айналды. Ал идеялар болса, осы уақытқа дейін пісіп-жетілген еді. Локктың трактаты оның өз ойын баяндауына тек себеп қана болды. Екі ойшылдың философиялық жүйелері мүлдем басқа, бір-біріне ұқсамайды. Лейбництің кітабы Локкқа қарсы бағытталған секілді көрінгенімен, бірінші кезекте, ол – өзінің жеке теориясының баяны. Оның Локк ілімімен ешқандай байланысы жоқ. Лейбницке өзінің ойларын бір жүйеге келтіру үшін ғана оппонент қажет болды.

Алғы сөз

Лейбниц өзінің алғы сөзінде Локктың пікірімен түбегейлі келіспейтіні туралы айтады. Кезінде Локк жан дегеніміз – тәжірибе өзінің идеяларын жазатын таза тақта деп санаса, Лейбниц жанда тәжірибеден алынуы мүмкін емес принциптер мен ұғымдардың болуы ықтимал дейді. Лейбниц үшін тәжірибе дегеніміз – бар болғаны рефлексия жолымен білімнің қажетті шарттарын жасау. Ол адам жанына үздіксіз әсер ететін бейсаналық кіші перцепция теориясын алға тартады. Жан болса, түсініксіз немесе шатысқан ұғымды анықтауға, талдау жасауға қабілетті. Материя танылмайды деп санаған Локктан Лейбництің айырмашылығы, керісінше, материя тануға болатын жалғыз нәрсе деп тұжырымдайды. Ол Локктың ұстанған табиғи жүйені ішінара, жекелей тануға болатын идеясын жоққа шығарды. Ол оған әлемді толығымен тану туралы әдіснамалық постулатты қарсы қояды.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 8. Готфрид В. Лейбниц (1646–1716)

I кітап: Туа бітті ұғымдар

Локк теориясындағы туа бітті идеялар ұғымының түбегейлі теріске шығарылуын Лейбниц құптамайды. Оның пікірінше, жанда әу баста-ақ, әрекетке түскенге дейін де кейбір ішкі мағына, мысалы, жанның өзі туралы ұғым болады. Жанда ақыл-ойдың ақиқаты бар. Нақ осы қасиеттер жанның ішкі дүниесіндегі күрделі байланыстарды құрайды. Осы ақиқатты танитын рухтың қайнары – «біздің жанымызда оның болмысын айқындайтын қасиеттің әуел баста егілген дәні, соның дүмпуімен ғана ақиқат бүр жарып шыға алады». Жалпы және абстрактілі интеллектуалды идеялар да осы санатқа жатады. Сөйтіп, адамзат рухында, жанында әрі рационалды саналатын туа бітті қасиеттер болады: мысалы, «қуанышқа құштарлық, уайым-қайғыдан безіну» сияқты ұмтылыстар.

II кітап: Идеялар туралы

Бұл кітапта Лейбниц Локктың адам тәжірибесінің мәніне қатысты тұжырымдарымен пікір таластырады. Локктың ойынша, идея тек сыртқы әлемнің санаға ықпал етуінен ғана туындайды. Лейбниц жанда сыртқы объектімен сәйкес келетін шындықты көрсететін қандай да бір тікелей ішкі объектінің бар екені туралы тезисті алға тартады. Бұл пікір «таза тақта» тұжырымдамасын жоққа шығарады. Жанда тек сезімнің көмегімен қол жеткізе алмайтын құбылыстар аз емес. Жаңа идеяның ақиқаттығы жанның өзі жаратқан ақыл-ойдың бар екенімен және оның үздіксіздігіне мойынсұнумен түсіндіріледі. Құрылымға, формаға келтіру үшін жекелеген түйсінулерді жинақтайтын танымның өз логикасы бар. Бұл бастапқыда ырықсыз жүзеге асқан осы әрекеттерді жан бөлшектеп жайғастыра алмайды деген сөз емес. Күрделі идеяларды талдауға сүйене отырып, Лейбниц оларды ұйымдастыру ұстанымы мәліметтердің «субстанцияда» жинақталуына дейін жанда болады деп санайды. Идея жанмен мейлінше етене аралас жұмыс істегенде ғана күшіне енеді, әрі сыртқы объектілерге толығымен жауап береді: «Аяқталған идеяның белгісі – оның көмегімен заттың мүмкіндігін мейлінше аша алуымызда».

III кітап: Сөз туралы

Үшінші кітабында автор тіл мен сөздің пайда болуы туралы толғанады. Сөз – тіпті оның негізінде табиғи және кездейсоқ пайда болған бастапқы ассоциациялар жатса да, бәрібір – шартты ұғым. Лейбниц идеялар мен жалпы ұғымдар туралы номиналистік түсінікке қарсы шығады. Заттар арасындағы ұқсастық олардың түпкі табиғатының өзінде әу бастан бар деп есептейді. Егер кейбір заттар бір жалпы атауға біріктірілсе, бұл заттардың өзара ұқсастығынан деп айтуға болады. Олардың ұқсас болуы әбден ықтимал. Біз: «индивидтер жөніндегі білім ауқымын иеленуге және әр заттың өзін жадымызда тұтпай тұрып, ортақ сипаттардың қайталануы мүмкін екенінен, әрқайсысының өзіндік бітім-болмысын дәл анықтаудың тәсілін таба алмаймыз; әдетте, олардың елеусіз ерекшеліктері біздің назарымызға ілінбей қала береді; мұндайда мекен мен уақыттың өзі жағдайды анықтауға дәрменсіз ғана емес, қайта олардың құрамындағы заттардың өзіне жеке анықтама қажет болады».

Тілдің пайдасы – бізге заттарды анықтауға және жіктеуге көмектесетінінде. Ал заттың мәні – оны дәл осы зат ретінде қабылдату мүмкіндігінде. Бірақ бұл жағдайда ондай білімнің априори екені туралы айтуға болады. Шындықпен бетпе-бет келу және тәжірибе – анықтаманың шынайылығына көзімізді жеткізеді.

«Мүмкін деп саналатын нәрселердің бәрі анықтамамен мазмұндалады, ал егер мүмкіндікті көрсетпесе, ондай анықтама тек қана номиналды, өйткені бізге тәжірибе көмекке келіп, осы заттың әлемде шынымен бар екенін «a posteriori» көрсетпесе, бұл анықтама нақты заттың шынайылығын, яғни мүмкіндігін білдіретініне әбден күмән келтіруге болады».

Зат бір ғана мәнге ие болғанымен, оның бірнеше анықтамасы болады. Ғалымдардың міндеті – заттардың шынайылығына үнемі және барынша дәл анықтама беру әрі біздің пайдаланатын



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 8. Готфрид В. Лейбниц (1646–1716)

тілімізді жетілдіру. Заттардың анықтамасы таразы мен өлшем бірліктеріндей дәл болуы тиіс: кейде тиянақталған арнайы шекараларды белгілеген дұрыс. Демек, ұғым арқылы нақты өмірді ажырату дегеніміз – оған құрылымдық тәртіпті енгізу дегенді де білдіреді. Лейбниц сөздердің нақты еместігін және оларды теріс пайдаланатын кездердің де болатынын мойындайды. Жазбаша сөзде терминология туралы алдын ала бір келісімге келуге мүмкіндік бар, демек, онда, ауызша сөзге қарағанда, өз ойыңды анығырақ жеткізуге болады.

IV кітап: Таным туралы

Ақиқаттың идеяларды салыстыру барысында айқындалатынына қарамастан, бұл идеялар арасындағы байланыстар дәл осы сәтте көрініс табады дегенді білдірмейді. Ақыл-ой жұмысының жемісі жадыда сақталуы мүмкін немесе ол кешірек байқалады: «Біздің біліміміз қаншалықты дәйекті болса да, әдетте ұзын сонар қорытындылардан кейін ғана пайда болғандықтан, шынында оның ішінде әлдебір бұрынғы дәлел туралы естеліктер де болуы қажет; қорытынды жасалып болғанда, біз оны анық ажырата да алмай қаламыз. Әйтпесе, біз бұл дәлелді үнемі қайталаған болар едік. Тіпті дәлелдеу процесінің өзінде оны бірден толығымен қамтуға келмейді, өйткені бүкіл оның құрамдас бөліктерін бірден ақыл-ойға сыйдыру мүмкін емес; алдыңғы бөлігін үнемі көз алдымыздан таса қылмай ұстасақ та, біз аяқтайтын соңғы тұжырымның түйініне ешқашан да жете алмас едік. Осы себептен де ғылымды жазбасыз қалыптастыру қиын болар еді, өйткені ауызша жадыға мүлтіксіз сенуге болмайды».

Білімді мүмкіндікті үнсіз мойындау арқылы түсіндіруге болады. Анализ және синтез – барынша нақты білім қалыптастыруға мүмкіндік беретін ақыл-ой қызметінің екі түрі. Сезімдік танымның мәні – көптеген тәжірибелердің негізінде...

«[...] құбылыстардың байланысын, яғни әртүрлі орындарда, әртүрлі уақытта және әртүрлі адамдардың тәжірибесінде болатын байланысты – оптикалық құбылыстарды геометрияда түсіндіретіндей, сыртымыздағы сезімдік заттарға қатысты ақиқаттарға кепілдік беретінін анықтау». Бұл байланысты ықтималдылықты есептеу арқылы анықтауға болады. Демек, ол ақыл-ой ақиқаты негізінде құрылған дәлелдердің көмегімен айқындалады. Сараптау білімді кеңейтуге мүмкіндік береді. Осылайша, материя туралы болымсыз түсініктеріміздің өзі бізге барлық құбылыстардың арасында болатын үйлесімді байланысты түсінудің арқасында субстанцияның шынайылығын ұғынуға көмектеседі. «Кездейсоқ және жеке заттардың ақиқаттылығының негізі – сезімдік құбылыстар бір-бірімен ақыл-ой ақиқатының талабына сай өзара тығыз байланыста болатынында және олардың қарым-қатынасы».

Лейбниц ғылымдарды оқыту әдістемесі туралы айтқанда, адам жаңалық ашарда, яки бір дүниені ойлап табар кезде, көбіне олардың бірізді дидактикалық мазмұндауымен сәйкеспейтін жанама жолдармен келетінін аңғарады. Ол адамдардың қандай да бір дүниені қалай ойлап тапқанын жиі ұмытып қалатынына өкініш білдіреді. Осыған орай, әдетте, қисынсыз болжамдар жасалады. Лейбниц ғалымдарға қандай жағдайлардың жаңалық ашуға сеп болғанын айтып беруді ұсынады. «Ғылымдарды оқыту әдісі мен оларды қалыптастыру әдісі арасында айырмашылық жиі болады. Бірақ бұл жерде әңгіме ол туралы емес. Атап өткенімдей, кейде кездейсоқ оқиға жаңалықтар ашуға себеп болып жатады. Егер осы оқиғаларды атап көрсетіп, оларды ұрпақтар үшін жадымызда сақтасақ, онда бұл ғылым тарихындағы аса маңызды элемент болар еді. Әйтсе де оның негізінде жүйе құру мүмкін емес. Кейде өнертапқыштар ақиқатқа жетуде рационалды әдістерді пайдаланады, бірақ сонымен қатар тым жанама жолдарға да жүгініп отырады. Мен авторлар шығармаларында өз ізденіс жолдарындағы маңызды оқиғаларды шынайы суреттеп отырса, жөн болар еді деп есептеймін». Лейбниц болжамдарды дұрыс құру барысында, талдау бақыланып отырған құбылыстардың аясынан шығып кетуі мүмкін деп есептейді. Бұл – дедукцияны, мәселен, этика саласында түсіндіре алатын жалғыз ғана ұстаным.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы
Тарау: 2. Жаңа дәуір философиясы. Ағартушылық философия
Дәріс: 8. Готфрид В. Лейбниц (1646–1716)

Кітапқа қатысты ұстамды көзқарас

Тарихи парадокс: автор өз кітабын Локкқа арнады, ал Локк болса, одан ондаған жыл бұрын Лейбницке Гоббстың жауап қайтармағанындай, «неміс мырзаға» жауап беруі керек деп санамады. Иә, бүкіл Еуропада хат алмасушылары болған Лейбництің Англияға келгенде жолы болмағаны анық. Сондықтан да белгілі бір мағынада философтың жоспары әу бастан сәтсіздікке ұшырады десек болады. Әйтсе де Лейбниц Локктың қазасынан кейін ағылшын философымен дауласу мүмкіндігінен біржола айырылғанын түсінбесе, бұл еңбек мүлдем жарық көрмес еді.

Осылайша, Лейбниц философтың өзімен айтысуды іштей қаласа да, Локктың өзімен емес, оның кітабымен сұхбат жүргізуіне тура келді. Локк қайтыс болғаннан кейін, Лейбниц өз еңбегін жариялауды тыныш заманға дейін кейінге шегерді. Сөйтіп, кітап Локктың өмірден озғанына 49 жыл толғанда ғана жарық көрді. Осы уақыт аралығында жағдай да түбегейлі өзгерді. Бұл кезде Жан-Жак Руссо әйгілі болатын. Француз революциясының басталуына аз ғана уақыт қалған. Лейбництің жолы болды. Өйткені оның қиялындағы оппонент Локк бұл кезде де танымал еді. Локктың еңбектері жақсы оқылды. Демек, көпшілікті Лейбниц те қызықтырды. Оның ғылыми мұрасы дүйім жұрттың назарын өзіне бірден аударды. Тағы бір парадокс, «Адам ақыл-ойы жөніндегі жаңа тәжірибелер» – Лейбництің неғұрлым толық аяқталған шығармаларының бірі екенінде. Оның орасан көп мұрасы (әрқайсысы 500 беттен тұратын 70 том) негізінен үзінділерден, әртүрлі авторлардың шығармаларына ескертпелерден, хаттардан тұрады...

Лейбниц – XVIII ғасырдың ғана емес, біздің заманымыздың да адамы. Ол – біздің заманымызға қарай салынған жолдың ізашары. Философ біз өмір сүріп жатқан әлемді құра бастады.

Лейбниц оны бізге дейін және бізден де жақсы танып, көре білді. Мишель Серр байқағанындай, «оның арқасында қазіргі математика пайда болды, ол біздің физикадағы жаңалықтарымызды, коммуникация желілерімізді, мәліметтер базамызды, таңба мен тілге құрылған өнерімізді күні бұрын көре алды – осының бәрі және осы формалардың нақты болуының негізі де оның шығармаларында бар. Лейбниц біздің бастамаларымыздың өзегінде өмір сүріп жатыр. Ол біздің жетістіктерімізбен тығыз байланысты». Оның жүйесінің жолдарымен, қиылыстарымен, біріккен жерлерімен жүру, жергілікті ерекшеліктерін бейнелеу, жаһандық байланыстарына сүйену – демек, бүгінгі кеңістігімізді зерттеу деген сөз... «Жаңа тәжірибелердегі» қабылдаудың біртұтастығы туралы ой зор қызығушылық тудырады. Ақыл-ой әлемді тануда бұрыннан бар формаларды қолданады. «Қабылдау жекелеген бөлшектерден, атомдардан құралады» (Локк).

Бұл ой қазір ескірген. Керісінше, бізді қоршаған шындыққа қатысты қазіргі көзқарасымызға Лейбництің позициясы сәйкес келеді. Түйсіну қасиеттерінің бүгінгі талдауы неғұрлым күрделі, алайда оның мәні Лейбниц дәуірінен бері өзгерген жоқ. Таным және тәрбие психологиясы дамуының заманауи дәуірі де содан басталады. Сәби ерте бастан пішіндерді, құрылымдарды қабылдайды. Олай болса, ақыл-ойда сыртқы әсерді ұйымдастыратын ұғымдар, формалар әуел бастан бар... Гештальт психология теориясы – «Жаңа тәжірибелерді» тікелей дамытудың нәтижесі.